

«Бір ел - бір кітап» акциясы аясында 2017 жылдың таңдауы – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығарламалары

2017 жылдың 24 ақпан күні «Бір ел - бір кітап» - 2017 Республикалық акциясы аясында жалпыхалықтық оқуға «Жыл кітабын» таңдау бойынша Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығарламалары таңдалды. Аталмыш акция ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен ҚР Кітапханашылар Ассоциациясы бастамасымен 2007 жылдан бастап өткізіліп келеді. Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарды отаншылдыққа әрі өнегелілікке тәрбиелеу.

Осы жылы «Бір ел - бір кітап» Республикалық акциясының ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

- **Ғарифолла Есім** ҚР ҰҒА академигі, профессор, «Бір ел - бір кітап» - 2017 Республикалық акциясының модераторы;
- **Айтұлы Несіпбек** – ақын, ҚР Жазушылар Одағы Астана қалалық филиалының төрағасы;
- **Мырзагелді Кемел** – жазушы, экономика ғылымдарының докторы;
- **Жұртбай Тұрсын** – филология ғылымдарының докторы, профессор, ғалым;
- **Жолтай Әлмашұлы** – жазушы, драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері;
- **Мұқанова Роза** – жазушы-драматург, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты;
- **Дихан Қамзабекұлы** – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры;
- **Қыдырәлі Дархан** – Халықаралық Түркі Академиясының президенті, ғалым, публицист, «Егемен Қазақстан» газетінің президенті;
- **Ақайдар Ысымұлы** – аудармашы-жазушы, мәдениет қайраткері;
- **Досжанова Сәуле** – жазушы, Қазақстан Жазушылары Одағының мүшесі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері;
- **Шерубай Құрманбайұлы** – филология ғылымдарының докторы, профессор;
- **Қапышева Ләззат** – Қазақ радиосының «Әдеби-саз» бағдарламалар редакциясының жетекшісі;
- **Маржан Ершу** – ақын, ҚР Жазушылар Одағының және Еуразия Жазушылар одағының мүшесі;
- **Тәуекелов Серғазы** – ҚР мәдениет және спорт министрлігінің өкілі, бас сарапшы;
- **Мұңалбаева Үмітхан** – ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының басшысы және өңірлерден келген облыстық кітапханалардың басшылары мен орынбасарлары, әдіскерлері қатысты.

Акция барысында ҚР Жазушылар Одағы Астана қалалық филиалының төрағасы, ақын – Несіпбек Айтұлы: «Қазақ поэзиясының биігіне өрмелеп шыққан ақын ол – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Абайдан кейінгі ұлы ақындардың бірі деуге әбден болады. Ұлт үшін күрескен адам. Сол себептен бүгінгі «Бір ел – бір кітап» Республикалық акциясына қатысушыларға жалынды ақын, жас ақын С.Торайғыровтың шығармаларын оқуға кеңес беремін», - деп өз ұсынысын ортаға салды. Қорытындылай келе комиссия мүшелері бірауыздан «Алашорда мемлекетінің 100 жылдығына» орай "Жыл кітабы - 2017 таңдауына ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларын оқу ұсынылды. Себебі: «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып, күн болам!» деген рухты жырларымен мәңгі өшпес із қалдырған ақын. Өскелең ұрпақтың идеалына айнала алатын дара да, дана ақынның бірі екені тағы да айшықтала түсті.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы, аса көрнекті ақын. Ол 1893 жылдың 28 қазанында Көкшетау облысының Қызылту ауданында туған. Оның әкесі Шокпыт (шын аты Әбубәкір) атанған кедей, момын шаруа адамы болған. Шокпытта екі баласы болған: Байқоңыр, Сұлтанмахмұт. Сұлтанмахмұттың екі жасында шешесі өліп, жетімдікті көріп өседі. Әкесі әйелі өлген соң балаларын алып, өзінің туған жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына көшеді. Ақынның балалық шағы Баянауылда өтеді. Алғашқыда ол Әлі, Тортай, Мұқан деген ауыл молдаларында оқиды. 1908 жылы Сұлтанмахмұт Баянауылдағы Әбдірахман деген молданың медресесіне түсіп, одан 2-3 жыл сабақ алады. 1913 жылы Троицкіде «Айқап» журналына жауапты хатшы болып жұмысқа орналасады.